# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 сәуір №4360-23-00-2/451 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Сансызбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «№2 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
Жеке кәсіпкер «Байназаров» атынан әрекет етуші Архалык Шатырбаевич Байназаров

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 267-4, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «№2 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Байназаров» атынан әрекет етуші Архалык Шатырбаевич Байназаровты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байназаров» атынан әрекет етуші Архалык Шатырбаевич Байназаровты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байназаров» атынан әрекет етуші Архалык Шатырбаевич Байназаровтан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 686 (алты

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 11.04.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.05.2023, судья Елшібеков Б. Е., 23.05.2023
4360-23-3-1/450

жүз сексен алты) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 745 (бір мың жеті жүз қырық бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.М.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 11.04.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.05.2023, судья Елшібеков Б. Е., 23.05.2023

4360-23-3-1/450